Қосылу шарт

Осы Қосылу шартымен (бұдан әрі – Шарт) **«Қаржы орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Тапсырыс беруші)** Шартқа қосылған Тапсырыс берушінің, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – білім беруді басқару органы), 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне білім беруді басқару органы енгізген мектепке дейінгі ұйымдардың (бұдан әрі – Өнім берушілер), мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім беруді басқару органы қалыптастыратын контингентке (бұдан әрі – Қызметті алушылар) енгізілген балалардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдерінің (бұдан әрі – Өкілдер) және болған жағдайда екінші деңгейдегі банк/Ұлттық пошта операторының, бұдан әрі бірлесіп Тараптар, және жеке Тарап немесе жоғарыда көрсетілгендей өзара іс-қимылының үлгілік талаптары айқындалған.

Шарттың мақсаттары үшін Тапсырыс беруші деп білім беруді басқару органының атынан және есебінен әрекет ететін «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамы түсініледі.

Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 381-бабына сәйкес мынадай элементтерді қамтитын аралас келісім болып табылады:

- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 41-тарауына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 36) тармақшасына (Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған адамнан көрсетілетін қызметтерді сатып алу) және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 13-1) тармақшасына сәйкес жасалған тапсырма шартының (білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға қатысушылардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын), оған сәйкес білім беруді басқару органы (сенімгер) тапсырады, ал Тапсырыс беруші (сенім білдірілген өкіл) «Білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 жетоқсандағы № 372 бұйрығымен көзделген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі көрсетілетін қызметтерді берушілердің тізбесіне (бұдан әрі – Өнім берушілердің тізбесі) білім беруді басқару органы енгізген мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбиелеуге және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды өтеусіз негізде жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттарын жасасу қағидаларының (бұдан әрі – Шарттар жасасу қағидалары) 9-тармағын ескере отырып жасалған қосылу шарты, оған сәйкес Тапсырыс беруші білім беруді басқару органының атынан және есебінен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды жүзеге асырады.

Келісімге қосылу жүзеге асырылады:

Өнім беруші үшін – Тапсырыс берушіден хабарлама алғаннан кейін, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен Шартқа қосылуға өтінімге қол қою арқылы;

білім беруді басқару органы үшін – білім беруді басқару органының уәкілетті өкілінің тапсырма шартына қол қоюы арқылы, оған сәйкес білім беруді басқару органы (сенім білдіруші) тапсырады, ал Тапсырыс беруші (сенім білдірілген өкіл) Алгоритмде көзделген тәртіппен білім беруді басқару органы Өнім берушілердің тізбесіне енгізген мектепке дейінгі тәрбиеленуге және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды өтеусіз негізде жүзеге асырады;

екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы үшін – Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алғаннан кейін, Тараптардың ресми құжат айналымы арқылы, Тапсырыс берушінің атына фирмалық бланкіде ресімделген және оған екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының уәкілетті өкілі қол қойған Шартқа қосылу туралы жазбаша өтініш жіберу арқылы;

көрсетілетін Қызметті алушылардың өкілдері үшін:

– қаржылық ваучер кезінде екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының ақпараттық жүйесі және (немесе) мобильді қосымшасы арқылы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы көздеген тәртіппен Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы. Қызметті алушылардың Өкілдерінің Шартқа қосылуы Алгоритмде көзделген тәртіппен білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша олардың барлық іс-қимылдарын жүзеге асыруға олардың келісімін білдіру нысаны болып табылады;

- виртуалды ваучер кезінде білім беру қызметтерін көрсету шартын жасасу арқылы. Білім беру қызметтерін көрсету шартын жасаса отрып Қызметті алушының өкілі Алгоритмге сәйкес осы мектепке дейінгі ұйымда баласы үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды көздейтін қосылу шартына қосылуға келісім білдіреді.

Тараптардың шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоюы олардың:

Шарттың талаптарымен, оның ішінде оған барлық қосымшалармен және Тараптардың шарттың барлық талаптарын толық көлемде, ескертулер мен қарсылықтарсыз оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын куәландырады;

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде Тараптардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін білдіру нысаны болып табылады.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші осы Шартта көрсетілген шарттар мен талаптарға сәйкес, атап айтқанда білім беру/оқыту саласында (ТЖҚ БНА коды 841211.000.000000), мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілерін мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша білім беру қызметін (бұдан әрі – Қызметтер) көрсету бойынша қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал:

1) Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдауға және олар үшін Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда – Алгоритмде көзделген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырған кезде осы Шарттың талаптарында төлеуге міндеттенеді;

2) Қызметті алушылардың Өкілдері өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда көрсетілген Қызметтерді қабылдауға, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда – Алгоритмде көзделген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырған кезде олар үшін осы Шарттың талаптарымен төлеуге міндеттенеді. Қызметтер Қызметті алушылардың Өкілдері олар мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін шартпен белгіленген мерзімде растағаннан кейін қабылдаған болып есептеледі. Қызметті алушылардың Өкілдері Шартпен айқындалған мерзімде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін растамаған жағдайда, оның ішінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелінің деректерімен келіспеу себебі бойынша соңғысы Қызметті алушылардың Өкілдері тарапынан автоматты түрде расталған болып есептеледі.

1.2. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) білім беруді басқару органы қол қойған тапсырма шарты;

3) Шартқа қосылу туралы Тараптар қол қойған өтініштер;

4) техникалық ерекшелік (қосымша);

5) Қызметті алушылардың тізімі;

6) білім беруді басқару органы қалыптастырған Өнім берушілердің тізбесі;

7) Қызметті алушылардың Өкілдері мен Өнім берушілер арасында жасалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білім беру қызметтерін көрсету шарты.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы 4 909 725 000 (төрт миллиард тоғыз жүз тоғыз миллион жеті жүз жиырма бес мың) теңге және қызмет көрсетуге байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ ҚҚС есептемегенде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды қамтиды (бұдан әрі – Шарт сомасы).

Білім беруді басқару органының бекітілген бюджеті шегінде Тараптар қосылу шартын жасасты. Білім беруді басқару органының бекітілген бюджеті ұлғайған жағдайда Тапсырыс беруші шарттың жалпы сомасын біржақты тәртіппен ұлғайтады.

2.2. Шарттың жалпы сомасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға жұмсалады:

1) виртуалды ваучер кезінде – Өнім берушілердің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы көрсетілген қызметтер актілерін ұсынуына қарай;

2) қаржылық ваучер кезінде – екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы бюджет қаражатын Қызметті алушылардың шоттарынан Өнім берушілердің

шоттарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі тиісті Қызметті алушыларға көрсеткен Қызметтері үшін қолма-қол ақшасыз аударуына қарай.

2.3. Көрсетілген Қызметтер үшін төлем осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы шегінде, тәрбиеленушілердің нақты контингентіне сәйкес тиісті айда нақты көрсетілген қызметтер үшін техникалық ерекшелікке (Шартқа қосымша) сәйкес көлемде жүргізіледі:

1) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде виртуалды ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде – Өнім берушінің банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен ақша аудару жолымен;

2) қаржылық ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде – екінші деңгейдегі банк/Ұлттық пошта операторы осы Шартқа қоса берілген білім беру/оқыту саласындағы көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігінің 2.4-тармағына сәйкес мерзімде көрсетілген қосылу табелін алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде Қызметті алушылардың Өкілдеріне төлемді жүзеге асыру туралы хабарлама жібере отырып, көрсетілетін Қызметті алушылардың банктік шоттарынан Өнім берушілердің банктік шоттарына.

2.4. Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың құны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларына сәйкес жергілікті атқарушы органмен анықталады.

2.5. Виртуалды ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде төлемнің алдындағы қажетті құжаттар:

1) осы Шарт;

2) Шарттар жасасу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтердің акті (актілері);

3) Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған көрсетілген қызметтердің жалпы сомасын сипаттайтын, көрсететін, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 370 бұйрығымен бекітілген Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электронды шот-фактураны нысанда жазып беру қағидаларына (бұдан әрі – электрондық шот – фактура) сәйкес Өнім беруші электрондық нысанда электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берген шот-фактура;

4) білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылатын мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелі;

5) Тапсырыс беруші Өнім берушіге төлем туралы тиісті талап жіберген жағдайда, мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табеліне негізсіз енгізілген әрбір тәрбиеленуші үшін қаржыландыру сомасының бюджетке өтелгенін,

сондай-ақ Шарттың 7.3-тармағының 1) тармақшасында көзделген тұрақсыздық айыбының бюджет кірісіне төленгенін растайтын құжат (төлем қызметін ұсынған екінші деңгейдегі банктің белгісімен).

2.6. Қаржылық ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде төлемнің алдындағы қажетті құжаттар:

1) осы Шарт;

2) Қызметті алушының атына екінші деңгейдегі банкте/Ұлттық пошта операторында, бюджеттік қаражаттың нысаналы мақсатын сақтай отырып, өнім берушімен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды көздейтін банктік шот шарты;

3) осы Шартқа қоса берілген білім беру/оқыту саласындағы қызметтердің Техникалық ерекшелігінің 2.5-тармағында көрсетілген мерзімдерге сәйкес қатысу табелі.

2.7. Осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы толық игерілген жағдайда, көрсетілген Қызметтер үшін төлем қалалық/облыстық Мәслихат Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес осы мақсаттарға қосымша бюджет қаражатын бөлу туралы шешім қабылдаған кезде жүргізіледі.

Осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасын игеруді есепке алу Тапсырыс берушімен жүргізіледі.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. **Тапсырыс беруші:**

1) Тараптардан Шарттың орындалуына байланысты ақпаратты сұратуға және алуға;

2) Шартқа біржақты тәртіппен білім беруді басқару органының бекітілген бюджеті шегінде, оларды мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастыру арқылы өзгерістер енгізуге. Тараптардың Шартқа қосымша келісімдерге қол қоюы талап етілмейді. Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен Шартқа енгізетін өзгерістер Тапсырыс беруші оларды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырған күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң күшіне енеді (goszakup.gov.kz);

3) Өнім беруші ұсынатын мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін Ұлттық білім беру деректер қорының (бұдан әрі – ҰБДҚ) ақпаратымен және (немесе) мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелерімен салыстыру арқылы мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің нақты контингентіне мониторингті жүзеге асыруға;

4) Өнім берушіден қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші бекіткен нысан бойынша мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін сұратуға;

5) Өнім беруші Шарттың 2.5-тармағының 5) тармақшасында көзделген Тапсырыс берушіге мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табеліне негізсіз енгізілген әрбір тәрбиеленуші үшін қаржыландыру сомасының бюджетке өтелгенін растайтын құжаттарды (төлем қызметін ұсынған екінші деңгейдегі банктің белгісімен), сондай-ақ Шарттың 7.3-тармағының 1) тармақшасында көзделген тұрақсыздық айыбын бюджет кірісіне төлеуді ұсынғанға дейін Шарт бойынша төлеуді тоқтата тұруға;

6) Алгоритмде көзделген жағдайларда Қызметті алушылар мен Өнім берушілерге қатысты қаржыландыруды тоқтата тұруға;

7) Тапсырыс беруші берген қаржыландыруға өтінімге сәйкес білім беруді басқару органы бекіткен тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражатының көлемі шегінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсаттары үшін білім беруді басқару органынан Тапсырыс берушіге бюджет қаражатын уақтылы аударуды талап етуге құқылы.

3.2. **Тапсырыс беруші:**

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Өнім берушілерге/білім беруді басқару органына (веб-порталдың техникалық мүмкіндігіне қарай) оларды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған Шартқа қосу мақсаттары үшін тиісті хабарламалар жіберуге, сондай-ақ ақпараттық жүйелері және (немесе) мобильді қосымшалары дайын екінші деңгейдегі банкке/Ұлттық пошта операторына жазбаша хабарлама жіберуге оларды шартқа қосу мақсаттары үшін осы Шартты іске асыруға;

2) Өнім берушілердің тізбесін және Қызметті алушылардың тізімін, оларда қамтылған деректердің мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелердің, оның ішінде ҰБДҚ деректерімен сәйкестігі тұрғысынан тексеруді жүргізуге. Өнім берушілердің тізбесінде көрсетілген Өнім берушілердің және (немесе) Қызметті алушылардың Қызметті алушылар тізімінде көрсетілген деректерінің сәйкессіздігі анықталған жағдайда Тапсырыс берушінің тәуекелдерді басқару жүйесінде верификация жүргізу. Оларды верификациялау қорытындылары бойынша деректердің дұрыс еместігі анықталған кезде білім беруді басқару органына Қызметті алушылар тізімінен тиісті емес балаларды және (немесе) деректері мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелердің, оның ішінде ҰБДҚ деректеріне сәйкес келмейтін Өнім берушілер Тізбесінен тиісті емес мектепке дейінгі ұйымдарды алып тастау қажеттігі туралы хабарлайды;

3) әр айдың 5-күніне дейін білім беруді басқару органына тиісті қаржы жылына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, білім беруді басқару органы қалыптастырған шектерде қаржыландыруға өтінім жіберуге;

4) тәуекелдерді басқару жүйесін жүргізуге;

5) білім беруді басқару органын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей қаражат қалдығы туралы хабардар етуге;

<u>виртуалды ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:</u>

6) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде, олар туралы Өнім берушіні, оның ішінде дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан бас тартқан кезде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жазбаша хабардар етуге;

7) Өнім берушіден алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Өнім беруші қойған көрсетілген қызметтер актісіне электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоюға не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Қызметтерді қабылдаудан бас тартуға;

8) көрсетілген қызметтердің актісі бекітілгеннен кейін Өнім берушінің электрондық шот-фактураларын қабылдау;

9) осы Шарттың 2.7-тармағында көрсетілген жағдайдың басталуын қоспағанда, осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлем жүргізуге;

қаржылық ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:

10) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының банктік шоттар ашу және (немесе) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының ақпараттық жүйесінде және (немесе) мобильді қосымшасында тіркеу туралы Қызметті алушыларды және Өнім берушілерді хабарлау мақсатында, мұндай тіркеу болмаған жағдайда, екінші деңгейдегі банкке/Ұлттық пошта операторына Қызметті алушылардың тізімін және Өнім берушілердің Тізбесін жіберуге;

11) тиісті көрсетілетін Қызметті алушылардың екінші деңгейдегі банкте/Ұлттық почта операторында ашылған шоттарына көрсеткен қызметтері үшін тиісті Өнім берушілерге кейіннен қолма-қол ақшасыз аударуға арналған қаражатты ай сайын аударуды жүргізуге міндетті.

3.3. **Өнім беруші** Тапсырыс берушіден осы Шарттың 2.7-тармағында көрсетілген жағдайдың басталуын қоспағанда, шарттың жалпы сомасы шегінде шарт бойынша тиісті Тараптардың уәкілетті өкілдері нақты көрсеткен және қабылдаған Қызметтер үшін ақы төлеуді талап етуге құқылы.

3.4. **Өнім беруші:**

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде көрсетілетін қызметтердің Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде білім беру саласындағы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

4) Өнім берушінің Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе Өнім берушінің өзге де заңсыз әрекеттерінен туындаған өзі келтірген залалдарды Тараптарға толық көлемде өтеуге;

5) мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің ата-аналарының (қамқоршыларының, заңды өкілдерінің) мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің дербес деректерін Тараптарға беруге, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде Тараптар алған дербес деректерді жинауға және өңдеуге көрсетілген келісімді Өнім беруші мен Қызметті алушылардың Өкілдері арасындағы білім беру қызметтерін көрсету шартына енгізу жолымен келісуін «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес қамтамасыз етуге;

6) ҰБДҚ және білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесінде мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің нақты контингенті және мектепке дейінгі ұйым объектісінің жобалық қуаты туралы ақпаратты уақтылы өзектендіруге;

7) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру қызметтерін көрсетуге;

8) Шарттың қолданылу мерзімінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы тиісті қолданыстағы хабарламаның болуын қамтамасыз етуге;

9) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы Өнім берушіні хабардар етудің қолданылуын тоқтатуға байланысты білім беру қызметтерін көрсетуге тыйым салу фактісі анықталған жағдайда, Тапсырыс берушінің

осындай тыйым салу кезеңі ішінде Өнім берушіге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруына байланысты Тапсырыс берушіге бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды толық көлемде өтеуге;

10) орналасқан жері, мекенжайы немесе өзге де байланыс деректері өзгерген жағдайда Тапсырыс берушіні олар өзгерген күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бұл туралы жазбаша хабардар етуге;

11) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктерін анықтау туралы Тапсырыс берушінің хабарламасын алған жағдайда, Тапсырыс беруші хабарламада айқындаған мерзімде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз Тапсырыс беруші көрсеткен сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қолдануға;

12) ағымдағы қаржы жылына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға білім беру органымен жасалған шарт болған кезде осы қосылу шартын жасасуға байланысты соманы бұзу немесе азайту және мерзімді қысқарту туралы келісімге қол қоюға;

13) Қызметті алушылар Өкілдерінің мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелінің деректерімен келіспеу себебін қарау және қарау нәтижелері бойынша Қызметті алушы Өкілінің мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің онымен келіспеуіне байланысты (келіспеу себебін көрсете отырып) қатысу табелін өзгерту талабын қанағаттандыру/қанағаттандырудан бас тарту туралы тиісті шешім қабылдауға;

виртуалды ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:

14) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін күнделікті негізде толтыру және білім беруді басқару органының ақпараттық жүйесінде растайтын құжаттардың болуын қамтамасыз етуге;

15) көрсетілген қызметтердің электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген актісін веб-портал арқылы ресімдеуге және Тапсырыс берушіге жіберуге;

16) көрсетілген қызметтердің актілерін ұсыну кезінде Тапсырыс берушіге Шарттың 2.5-тармағының 4) – 5) тармақшаларында көзделген төлемнің алдындағы құжаттарды ұсынуға;

17) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін электрондық шот-фактура жазып беруге;

қаржылық ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:

18) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық пошта операторының ақпараттық жүйесінде және (немесе) мобильді қосымшасында тіркеуден өтуге (ондай болмаған кезде);

19) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің күнделікті негізде қатысу табелін толтыру және екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының мобильді қосымшасында және (немесе) екінші деңгейдегі банк/Ұлттық почта операторы айқындайтын ақпараттық жүйеде растайтын құжаттардың болуын қамтамасыз етуге міндетті.

3.5. **Білім беруді басқару органы** Тараптардан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру барысы туралы ақпаратты талап етуге құқылы.

3.6. **Білім беруді басқару органы**:

1) Тапсырыс берушіні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін қажетті құралдармен, оның ішінде білім беруді басқару органының және (немесе) ҰБДҚ-ның тиісті ақпараттық жүйесіне тұрақты қолжетімділікпен (логин мен пароль) қамтамасыз етуге;

2) Тапсырыс берушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсаттары үшін, білім беруді басқару органы бекіткен тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражатының көлемі шегінде Тапсырыс беруші берген қаржыландыруға арналған өтінімге сәйкес көлемде және мерзімдерде бюджет қаражатын аударуға;

3) Алгоритмге сәйкес білім беруді басқару органы қалыптастыратын Өнім берушілердің өзекті тізбесін және көрсетілетін Қызметті алушылардың тізімін, сондай-ақ оларға барлық өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды уақтылы қалыптастыру және Тапсырыс берушіге ұсынуға;

4) білім беруді басқару органының Шарттың осы тармағының 1) – 3) тармақшаларында көзделген міндеттерді орындамауынан және (немесе) уақтылы орындамауынан туындаған залалды, шығындарды және басқа да залалдарды қоса алғанда, Тапсырыс берушіге залалдарды өтеуге;

5) мемлекеттік сатып алу веб-порталында Тапсырыс беруші осы Шартты жасасқан Өнім берушілермен жасалған шарттар болған кезде білім беруді басқару органы мұндай Өнім берушілерге шарттардың сомасын азайту және мерзімін қысқарту туралы келісімдерді осындай бұзуға немесе жасасуға байланысты қандай да бір айыппұл санкцияларын қолданбай, соманы азайту және мерзімін қысқарту туралы келісімді бұзуға немесе жасасуға;

6) тәрбиеленушілердің қатысу табелінде көрсетілген ақпаратты растау мақсатында Қызметті алушылардың өкілдері ұсынған құжаттарды тексеруге;

7) қаржы жылына бір рет Өнім берушілердің Алгоритмнің 28 тармағының шарттарын сақтауы және қамтамасыз етуі бойынша жоспарлы мониторинг жүргізуге міндетті.

3.7. **Екінші деңгейдегі банк/Ұлттық пошта операторы** Тапсырыс берушіден Өнім берушілердің өзекті тізбесін және көрсетілетін Қызметті алушылардың тізімін, сондай-ақ оларға барлық өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ұсынуды талап етуге құқылы.

3.8. **Екінші деңгейдегі Банк / Ұлттық пошта операторы:**

<u>қаржылық ваучер арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде:</u>

1) қаржы ваучерін таңдаған кезде Тапсырыс беруші ұсынған Қызметті алушылардың тізімі негізінде банктік шот ашу қажеттігі туралы хабардар етуге және оларға екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының ақпараттық жүйесінде және (немесе) мобильді қосымшасында тіркеу жөніндегі нұсқаулықты жіберуге;

2) ай сайын 5-ші күнге дейін Тапсырыс берушімен келісілген нысан бойынша банктік шот ашылған Қызметті алушы туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге жіберуге;

3) Тапсырыс берушіге мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін растауды жүзеге асырмаған Қызметті алушылардың Өкілдері туралы ақпарат беруге;

4) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің келісілген қатысу табеліне және Шартқа қосымшаға сәйкес есептелген мөлшерде Қызметті алушылардың банктік

шоттарынан Қызметті алушылардың Өкілдеріне білім беру/оқыту саласындағы Қызметтердің осы шартқа тіркелген техникалық ерекшелігінің 2.4-тармағына сәйкес мерзімде көрсетілген қатысу табелін алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде төлемді жүзеге асыру туралы хабарлама жібере отырып, Өнім берушілердің банктік шоттарына ақша аударуға;

5) есепті айда артық төленген және (немесе) қаржыландырудың жеткіліксіздігі болған жағдайда келесі айда қайта есептеу жүргізуге;

6) бес жұмыс күні ішінде акцептсіз тәртіппен есептен шығару және оларды Тапсырыс берушіге аудару:

- қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қызметті алушылардың шоттарынан пайдаланылмаған қалған ақшаны;

- Алгоритмде көзделген жағдайда Қызметті алушылардың банктік шоттарында қалған ақшаны;

7) ай сайын 15-ші күннен кешіктірмей Тапсырыс берушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға пайдаланылған қаражат туралы ақпаратты Тапсырыс берушімен келісілген нысан бойынша беруге;

8) есепті ай аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін ҰБДҚ-ға беруге;

9) тиісті Қызметті алушыларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша көрсеткен Қызметтері үшін Өнім берушілерге кейіннен қолма-қол ақшасыз аударуға арналған бюджет қаражатының нысаналы мақсатының сақталуына кепілдік беруге, оның ішінде фактілерге жол бермеуге:

бір Қызметті алушының атына ашылған банктік шоттан Өнім берушінің шотына басқа Қызметті алушы немесе өзге үшінші тұлға үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеу мақсатында бюджет қаражатын аудару;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде ашылған Қызметті алушылардың банктік шоттарынан қолма-қол ақша беру;

10) өзінің ақпараттық жүйесінің және (немесе) мобильді қосымшасының үздіксіз жұмысын және Өнім беруші қоса берген тәрбиеленушілердің қатысу табелін растайтын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

3.9**. Қызметті алушының Өкілі** тиісті ақпараттық жүйеге және (немесе) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының мобильді қосымшасына орналастыру жолымен Өнім берушілердің өзекті тізбесін, сондай-ақ оған барлық өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ұсынуды талап етуге құқылы.

3.10. **Қызметті алушының Өкілі:**

1) қаржылық ваучерін таңдаған кезде екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық пошта операторының ақпараттық жүйесінде және (немесе) мобильді қосымшасында екінші деңгейдегі банктен/Ұлттық пошта операторынан тиісті хабарлама алған жағдайда тіркеліп, екінші деңгейдегі банк/Ұлттық пошта операторы бекіткен нысан бойынша банктік шот шартына қол қойюға;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білім беру қызметтерін көрсету туралы электрондық шарт жасасу қажет Өнім берушілер тізбесіне енгізілген тиісті ақпараттық жүйе және (немесе) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық пошта операторының мобильді қосымшасы арқылы тиісті Өнім берушіні таңдауға;

3) Қызметті алушының мектепке дейінгі ұйымға қатысу табелі есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмей растауға міндетті. Қызметті алушының Өкілі жоғарыда көрсетілген мерзімде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелін растамаған жағдайда, оның ішінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелінің деректерімен келіспеу себебі бойынша соңғысы Қызметті алушы Өкілінің тарапынан автоматты түрде расталған болып есептеледі.

3.11. Шартқа қосыла отырып, Қызметті алушының Өкілі:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсаттары үшін екінші деңгейдегі банкте/Ұлттық почта операторында ашылған Қызметті алушының шотына түскен ақша Қызметті алушының және (немесе) оның Өкілінің меншігі болып табылмайтынын және тиісті жергілікті бюджетке, оның ішінде оларды шартта көзделген негіздерге мақсатсыз пайдаланған кезде және басқаларына қайтарылуға жататынын түсінеді және қабылдайды;

2) екінші деңгейдегі банкке/Ұлттық почта операторына Шарттың 3.8-тармағының 9) тармақшасында көзделген жағдайларда Қызметті алушының шотынан ақшаны акцептсіз есептен шығаруға өз келісімін береді;

3) екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық почта операторының тараптарға Шартты орындау мақсатында банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді ашуға/ұсынуға өз келісімін береді.

4. Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері көрсетілетін Қызметтердің Шартта және техникалық ерекшелікте (Шартқа 1-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігіне бақылау және тексеру жүргізе алады. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін айқындалған өз өкілдері туралы Өнім берушіні жазбаша түрде уақтылы хабардар етуге тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде көрсетілетін қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері Шарттың және техникалық ерекшелік талаптарына (Шартқа 1-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою туралы хабарламада Тапсырыс беруші айқындаған мерзімде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

4.4. Жоғарыда аталған бірде-бір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5. Қызмет көрсету

5.1. Өнім берушінің Қызметтерді көрсетуі 2025 жылғы 1 мамырдан бастап 31 желтоқсан аралығында, білім беруді басқару органы 2025 жылға арналған Өнім берушілер тізбесіне тиісті Өнім берушіні қосқан күннен ерте емес жүзеге асырылады.

5.2. Қызметтер Өнім беруші Қызметтерді толық тапсырған және оларды Тараптардың тиісті уәкілетті өкілдері осы Шарттың талаптарына дәл сәйкес қабылдаған жағдайда көрсетілген болып есептеледі.

6. Кепілдік

6.1. Өнім беруші үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге кепілдік береді.

6.2. Өнім беруші қателерді, кемшіліктерді және қызметтердің басқа сәйкессіздіктерін өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

6.3. Тараптар осы кепілдікке байланысты барлық шағымдар туралы Өнім берушіні жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті, содан кейін Өнім беруші хабарламада тиісті Тарап айқындаған мерзімде осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, кемшіліктерді өз есебінен жою жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

6.4. Егер Өнім беруші хабарламаны алғаннан кейін кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шараларды уақтылы қабылдамаса, тиісті Тарап Өнім берушінің есебінен және Өнім берушіге қатысты Шарт бойынша тиісті Тарап иеленуі мүмкін басқа да құқықтарға қандай да бір залалсыз кемшіліктерді жою жөнінде қажетті санкциялар мен шараларды қолдана алады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберінде өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық не ішінара біреуге беруіне жол берілмейді.

7.3. Өнім беруші жауапты:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушіге мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табелінің және білім беруді басқару органының ҰБДҚ және (немесе) ақпараттық жүйесіне енгізілген мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің нақты контингенті туралы деректердің дұрыстығы үшін мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілердің қатысу табеліне негізсіз енгізілген бірінші жағдайда қаржыландыру сомасын өтеу және бюджетке тұрақсыздық айыбын төлеу түрінде, тұрақсыздық айыбының мөлшері залал сомасының 50% құрайды, тиісті айда мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысу табеліне негізсіз енгізілген әрбір тәрбиеленуші үшін жылына бір тәрбиеленушіге қаржыландырудың жылдық жан басына шаққандағы нормативі мөлшерінде бұрмалау фактісі қайта анықталған кезде, тиісінше Тапсырыс беруші Өнім берушіге төлем туралы тиісті талап жіберген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей төлеуге. Бұл ретте жиынтығында тұрақсыздық айыбы сомасының мөлшері бұзушылық анықталған және тұрақсыздық айыбы сомасын есептеу сәтінде қолданылатын

республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 700 айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талапты Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталында Өнім беруші көрсеткен электрондық поштаға және (немесе) телефон нөміріне не олар болмаған кезде мемлекеттік сатып алу веб-порталында көрсетілген пошта мекенжайына жібереді.

Осы тармақшада көзделген тұрақсыздық айыбын төлеу түріндегі жауапкершілік мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің нақты контингенті туралы бұрын берілген мәліметтердің дұрыс еместігі туралы Тапсырыс берушіге дербес жазбаша хабарлаған Өнім берушілерге қолданылмайды;

2) осы Шарттың 3.4-тармағының 8) тармақшасында көзделген міндетті орындамағаны үшін Тапсырыс берушінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы Өнім берушіні хабарламаның қолданылуын тоқтатуға байланысты білім беру қызметтерін көрсетуге тыйым салу кезеңінде Өнім берушіге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруына байланысты бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды Тапсырыс беруші арқылы мемлекеттік бюджетке толық өтеу түрінде.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және оны бұзу шарттары

8.1. Шарт мемлекеттік сатып алу веб-порталында Тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған күнінен бастап, бірақ тиісті Өнім берушіні білім беруді басқару органы 2025 жылға арналған Өнім берушілер тізбесіне енгізген күннен ерте емес күшіне енеді.

Өнім беруші осы Шарт бойынша олар бойынша қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданыста болатын осы Шарттың 3.4-тармағының 8) тармақшасын және 7.3-тармағын қоспағанда, шарт 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

8.2. Тапсырыс беруші кез келген уақытта, егер Өнім беруші банкрот немесе төлем қабілетсіз болып қалса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шарт талаптарын орындаудан біржақты тәртіппен бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарт талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және егер Шарт талаптарын орындаудан бас тарту Тапсырыс берушіге залал келтірмесе немесе кейіннен Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын санкцияларды жасауға немесе қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет атқармайды.

8.3. Шарт тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

8.4. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін ғана бұзылған күніне төлемді талап етуге құқылы.

8.5. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен, Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімдерде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде қызметтер көрсете алмаса;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса.

9. Хабарлама

9.1. Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс арқылы, веб-портал арқылы не мемлекеттік сатып алу веб-порталында Тараптар көрсеткен электрондық пошта арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енген күні (егер хабарламада көрсетілген болса) осы күндердің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10. Форс-мажор

10.1. Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін, егер ол форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болса, жауапты болмайды.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оның талаптарын орындамауына байланысты Шартты бұзуға жауапты болмайды.

10.3. Шарттың мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ тек қана емес: әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар және басқалар.

10.4. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін қаншалықты орынды болса, орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздестіреді.

11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тараптар тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін салуы тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12. Басқа шарттар

12.1. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының Салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

12.2. Шарт бойынша Тараптардың бірінің міндеттерін Тапсырысшының жазбаша келісімімен ғана беруге жол беріледі.

12.3. Шарт бірдей заңды күші бар, веб-портал арқылы жасалған қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

12.4. Шартта реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Тапсырыс беруші:

«Қаржы орталығы» АҚ (білім беруді басқару органының атынан және есебінен)
010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 18 үй (3-қабат)
БСН 050740000618,
8 /7172/ 69-50-60
fincenter@fincenter.kz

Қосылу шартына
қосымша

Білім беру/оқыту саласындағы қызметтердің техникалық ерекшелігі

1. Жалпы мәліметтер

1.1 Өнім берушімен білім беру/оқыту саласында қызметтер көрсетудің (бұдан әрі – Қызметтер) мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру нәтижесінде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

2. Қызметтердің сипаттамалары

2.1. Қызметтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес есептелген бір тәрбиеленушіге арналған, кестеде көрсетілген, шығыстардың құнына сәйкес көрсетіледі.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органның шешімі (бұдан әрі – ЖАО шешімі) бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларының 8-тармағы негізінде жоғары нормативке жол беріледі.

Кесте

Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру ұйымдарында айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың құны

Топтың атауы		қала
Жалпы білім беру	Толық емес күн болатын топтар, жалпы білім беретін мектеп жанындағы мектепалды даярлық сыныптары	24 884
	9 сағаттық режимі бар топ	51 911
	10,5 сағаттық режимі бар топ	56 327
Тубуркулезбен улану тобы		83 983
Түзету тобы		100 831

2.2. Мектепке дейінгі ұйымға барудың бір күніндегі бір тәрбиеленушіге арналған Норматив кестеде және (немесе) ЖАО шешімінде көрсетілген нормативті жұмыс уақытының балансы бойынша жұмыс күндерінің санына бөлумен айқындалады.

2.3. Мынадай жағдайларды қоспағанда, көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу есепті кезең (күнтізбелік ай) ішінде өткізу күндері болмаған жағдайда, кестеде және (немесе) ЖАО шешімінде көрсетілген айлық норматив мөлшерінде жүргізіледі:

1) науқастануына, емделуіне, медициналық және өзге де ұйымдарда оңалтылуына, ата-анасының біреуі (баланың заңды өкілі) еңбек демалысын және жылына екі айға дейінгі мерзімге баланы сауықтыруға демалыс алуына байланысты мектепке дейінгі ұйымға бармаған;

2) ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде 40 (қырық) жиынтық күннен аспауға тиіс.

2.4. Қатысу парағы айдың 15-күніндегі жағдай бойынша ай сайын беріледі. Есептеу және төлеу келесідей жүргізіледі:

- келу фактісі бойынша айдың 1 ден 15-не дейінгі кезеңде;
- болжам бойынша айдың 16-сынан бастап аяғына дейінгі кезеңде.

Бұл ретте, желтоқсан айында қосылу табелі 15-ші күнгі жағдай бойынша беріледі. Желтоқсан айында есептеу және төлеу келесідей жүргізіледі:

- келу фактісі бойынша айдың 1-15 күндері аралығындағы кезенде;
- болжам бойынша айдың 16-сынан бастап аяғына дейінгі кезеңде.

Келесі айда өткен ай бойынша бекітілген қатысу парағы негізінде әрбір тәрбиеленуші бойынша шығыстарды қайта есептеу жүргізіледі.

Договор присоединения

Настоящим Договором присоединения (далее – Договор) **акционерным обществом «Финансовый центр» (далее – Заказчик)**, определены стандартные условия взаимодействия Заказчика, государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области (далее – орган управления образованием), дошкольных организаций, включенных органом управления образованием в перечень дошкольных организаций для размещения государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение на 2025 год (далее – Поставщики), родителей или иных законных представителей (далее – Представители) детей, входящих в сформированный органом управления образованием контингент по государственному образовательному заказу на дошкольное воспитание и обучение (далее – Услугополучатели) и при наличии банка второго уровня/Национального оператора почты, присоединившихся к Договору, далее совместно именуемых Стороны, а по отдельности Сторона или как указано выше.

Для целей Договора под Заказчиком понимается акционерное общество «Финансовый центр», действующее от имени и за счет органа управления образованием.

Договор, в соответствии со статьей 381 Гражданского кодекса Республики Казахстан, является смешанным договором, содержащим в себе элементы:

